

## «Құлыншак» балалар үйіне бару

Қарағанды Техникалық Университетінің Жол-көлік факультетінің ТТ-18-1 топ студенттері, топ кураторы Кукешева Алия Бакибаевнамен 2021 жылдың ақпан айының 25 күні Қарағанды қаласының «Құлыншак» балалар үйіне барып қайтты. «Құлыншак» балалар үйі Қарағанды қаласының Бұқар Жырау даңғылы, 61а мекен-жайы бойынша орналасқан.



**Балалар үйі туралы қысқаша ақпарат:** Балалар үйі 1947 жылы 24 қаңтарда ата-аналары қуғын-сүргінге ұшыраған балалар үшін ашылды. 1953 жылдан 1983 жылға дейін балалар үйін Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Т.П. Лепихина басқарды, 1975 жылы балалар үйі 8 мектепке дейінгі топтар орналасқан Ермеков көшесі 49 бойынша жаңа бейімделген ғимаратқа көшті.

1981 жылдың қыркүйегінде балалар үйіне «Ақыл-есі кем балаларға арналған арнайы балалар үйі» мәртебесі берілді. Штаттық кестеге дефектолог-мұғалімнің мөлшерлемесі енгізіледі.

1983-1996 жылдар аралығында балалар үйінің ұжымы Жетім балаларды тәрбиелеу ісінде қол жеткізген табыстары үшін Қазақ КСР Ағарту министрлігінің Құрмет грамоталарымен бірнеше рет марапатталған. Дефектолог-мұғалімдер Е.В.Пацук және Т.Ю. Маркарянц «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» белгісін алды.

1997 жылы Балалар үйі Бұқар Жырау 61 а даңғылындағы ғимаратқа көшті.

С. А. Назарбаеваның ұсынысы бойынша 1999 жылдың 1 қыркүйегінде Отбасы типі бойынша алғашқы екі топ ашылды. Осыған байланысты 2000 жылдың 24 қаңтарында балалар үйіне С.А. Назарбаева келді.

2001 жылы Қарағанды облысы білім департаментінің бұйрығымен балалар үйі «Құлыншак» балалар үйі мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды. 2012 жылдың тамыз айында Қарағанды облысы білім басқармасының «Құлыншак» балалар үйі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне айналды.

**ТТ-18-1 тобының балалар үйіне баруы:** ТТ-18-1 тобының студенттері «Құлыншак» балалар үйінің басшылығымен хабарласып балалармен кездесуді ұйымдастыру мүмкіндігін сұрастырды. Балалар үйінің басшысы Пандемияға сәйкес орнатылған қатаң талаптарға байланысты балалармен кездесу мүмкін емес екендігін, алайда оларға сыйлықтар әкелуге болатындығын айтты. Әңгімелесу барысында балалар үйінің басшысы бүлдіршіндерге


ойыншықтар жетіспейтіндігін және ұл балаларға машиналар, қыз балаларға қуыршақтар әкелуін өтінді. Осыған байланысты ТТ-18-1 тобының студенттері балаларға ойыншықтар әкелуге уәделескен және топ арасында қажетті қаражатты жинап, ойыншықтарды сатып алған.



ТТ-18-1 тобының студенттерінің көбісі ауылды аймақта тұратындықтан олар қашықтықтан өз үйлерінде оқып жатыр. Алайда ақпан айының 25 күні ауа-райының қолайсыздығына, бұрқасын мен көктайғаққа байланысты Қарағандыға баратын жолдар жабық болды және барлық студенттер балалар үйіне келе алмады.



Студенттер куратормен балалар үйіне келген кезде оларды басшының ОТЖ жөніндегі орынбасары қарсы алды. Студенттермен әкелген ойыншықтар сол кісіге қалдырылды. Балақалайларға студенттердің әкелген ойыншықтары сол кісінің қолынан берілді. Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары балақайлардың атынан студенттерге өз алғысын білдірді.



Студенттер осы ұйымдастырылған іс-шарадан кейін қайырымдылық жасаудың игі іс екендігін, ата-аналарын бағалау керек екендігін түсінді.